

**«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ**

MEMLEKETTIK
ANNUITETTIK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

**АО «КСЖ
«Государственная
аннуитетная компания»**



БЕКІТІЛГЕН

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің 2026 жылғы
«2» маусымдағы № 8 шешімі**

**«МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ» ӨМІРДІ
САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
САЯСАТЫ**

СТ МАК 21

Басылым: бірінші

Астана қ., 2026 ж.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	2/11 б.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ	5
3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	6
4. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК	8
5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	8
1-қосымша	11

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	3/11 б.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқарудағы мақсаттарын, қағидаттарын, стратегиялары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

2. Саясат мыналарға сәйкес әзірленді:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы;

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2024 жылғы «15» шілдедегі № Б-228 бұйрығымен бекітілген Қаржы ұйымдары үшін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық нұсқаулық;

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ Тұрақты даму саясаты (СТ МАК 16).

3. Саясаттың қолданылуы Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлеріне таралады.

4. Саясат жария құжат болып табылады және оның ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) **Шектеулер тізімі** – қаржыландыруға жатпайтын қызмет түрлерінің тізбесі;

2) **Экологиялық тәуекелдер** – кездейсоқ немесе қасақана әрекеттердің нәтижесінде жерді, суды, ауаны, жануарлар мен өсімдіктердің табиғи мекендеу ортасын қоса алғанда, қоршаған ортаның ластану немесе бүліну қаупін білдіретін тәуекелдер. Қазақстанның өнеркәсіптік ландшафтында экологиялық тәуекелдердің сипатты көріністеріне ауаның ластануы, су ресурстарының жетіспеушілігі, топырақтың деградациясы, табиғи апаттар және қалдықтарды жеткіліксіз кәдеге жарату жатады. Ел контекстінде шығарындылардың негізгі үлесі жану өнімдерінен шығатын көздері бар электр энергетикасы саласына, сондай-ақ өнеркәсіптік өндіріске, тау-кен өнеркәсібіне және көлікке тиесілі;

3) **Әлеуметтік тәуекелдер** – клиенттерді, өнім берушілерді, мүдделі тараптарды және халықтың кең топтарын қоса алғанда, Қоғаммен өзара іс-

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	4/11 б.

қимылдан туындайтын әлеуетті қауіптер. Бұл тәуекелдер беделге нұқсан келу, клиенттердің қанағаттанбауы, реттеуші органдар тарапынан қадағалаудың күшеюі немесе қоғамдық күтулер мен үрдістерге сәйкес келмеу сияқты әртүрлі жағымсыз салдарлар арқылы көрініс табуы мүмкін. Қаржы ұйымдары үшін әлеуметтік тәуекелдердің мысалдарына банк секторындағы этикалық тәжірибеге, әлеуметтік жауапкершілікке, әртараптандыру мен инклюзивтілікке, қоғамдастықтарға салынатын инвестицияларға, сондай-ақ ұйым қызметінің қоғамдық құндылықтар мен күтулерге сәйкестігіне қатысты мәселелер жатады;

4) **Климаттық тәуекелдер** – ұйымдар, Қоғам және экожүйелер үшін қаржылық шығындарға немесе басқа да жағымсыз салдарларға әкеп соғуы мүмкін, климаттың өзгеруіне байланысты әлеуетті қауіптер мен жағымсыз салдарлар. Климаттық тәуекелдер жағымсыз әсер ету көзіне байланысты екі санатқа бөлінеді: физикалық және өтпелі тәуекелдер;

5) **Тұрақты даму** – бұл Қоғамның өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамға тигізетін әсерін басқаратын және мүдделі тараптардың мүдделерін сақтауды ескере отырып шешімдер қабылдайтын даму. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс;

6) **Тұрақты қаржыландыру** – Қоғамның қаржыландырылатын жобалар мен клиенттерге байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді ескере отырып жүзеге асыратын қызметі, осы тәуекелдерді басқару үшін барабар жүйелерді құру, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық маңызы бар жобаларды қаржыландыру;

7) **ESG (Environmental, Social, Governance)** – Қоғамның экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық мәселелерді шешуге және тұрақты дамуға тартылуына қол жеткізілетін Қоғамды басқару сипаттамаларының жиынтығы;

8) **ЭжӘ тәуекелдер** – экологиялық, оның ішінде климаттық және әлеуметтік тәуекелдер;

9) **ЭжӘ тәуекелдерін кешенді бағалау (Environmental and Social Due Diligence, ESDD)** – транзакцияның Қоғам үшін әлеуетті міндеттеме немесе тәуекел ретінде көрінуі мүмкін экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді тудырмайтынына көз жеткізу мақсатында әлеуетті клиенттің, контрагенттің/бағалау объектісінің қызметі туралы ақпаратты жинау және түсіндіру, оның қызметіне байланысты әлеуетті экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді талдау және бағалау бойынша рәсімдердің жиынтығы;

10) **Тәуекел картасы** – бір «осінде» тәуекелдің әсер ету күші немесе маңыздылығы, ал екіншісінде оның туындау ықтималдығы немесе жиілігі көрсетілген кестеде орналасқан Қоғам тәуекелдерінің графикалық және мәтіндік сипаттамасы;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	5/11 б.

11) **ESG-факторлар** – қабылданатын тәуекелдер деңгейіне, қаржылық орнықтылыққа, іскерлік беделге және заңнама талаптарының сақталуына әсер ете алатын экологиялық (Environmental), әлеуметтік (Social) және басқарушылық (Governance) тәуекел көрсеткіштерінің жиынтығы;

12) **ESG-тәуекел (Environmental, Social and Governance)** – экологиялық, әлеуметтік тәуекелдер, сондай-ақ корпоративтік басқару тәуекелдері шеңберінде бизнестің тұрақты дамуын айқындайтын тәуекел түрі.

6. Осы Саясаттың мақсаты экологиялық және әлеуметтік мәселелер саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, халықаралық экологиялық және әлеуметтік стандарттарға сәйкестік, клиенттер мен контрагенттер қызметінің аспектілеріне байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесін (ЭӘТБЖ) құру және олардың Қоғамның беделіне, операциялық және қаржылық қызметіне тигізетін жағымсыз әсерін барынша азайту болып табылады.

7. Қоғамның ESG-тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

экологиялық, әлеуметтік тәуекелдерді және олардың салдарын сәйкестендіру;

экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалауды қамтамасыз ету және олардың әсерін барынша азайту;

инвестициялық және андеррайтингтік шешімдерді қабылдау процесіне экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік өлшемшарттарын интеграциялау;

тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге оң әсер ететін қызмет түрлері мен жобаларды қаржыландыру;

тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қайшы келетін қызмет түрлерін және жобаларды қаржыландыруды біртіндеп қысқарту;

халықаралық әлеуметтік-экологиялық стандарттарға сәйкес ақпаратты ашуды, ESG-тәуекелдерді бағалау нәтижелерін көздейтін басқарушылық есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету.

2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

8. Осы Саясаттың қолданылуы Қоғам қызметінің экологиялық, оның ішінде климаттық және әлеуметтік аспектілерімен байланысты тәуекелдерді басқару процестеріне келесі қызмет бағыттары бойынша таралады:

сақтандыру қызметі: клиенттерді ESG-тәуекелдер деңгейі және шешім қабылдау деңгейі бойынша жіктеу, андеррайтинг рәсімдеріне жауапты сақтандыру өлшемшарттарын енгізу;

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	6/11 б.

инвестициялық қызмет: инвестициялау объектілерін ESG-тәуекелдер деңгейі бойынша жіктеу, инвестициялық мәмілелерді қарау рәсімдеріне жауапты инвестициялау өлшемшарттарын енгізу;

тәуекелдерді басқару жүйесі: ESG-факторларды есепке алу, Қоғамның жалпы тәуекелдер картасына интеграциялау;

сатып алу және шарттық қызмет – мердігерлерді, жеткізушілерді және серіктестерді таңдау кезінде экологиялық, әлеуметтік талаптарды және тұрақты даму қағидаттарын есепке алу, сондай-ақ шарттарға тиісті талаптарды енгізу мүмкіндігі.

3. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

9. ЭЭТБЖ қорғаудың үш деңгейлі моделіне сәйкес құрылады, ESG-тәуекелдерді басқару функциялары мынадай түрде бөлінеді:

Бірінші деңгей: ЭжӘ тәуекелдеріне ұшырайтын контрагенттермен мәмілелер жасасу бойынша қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер.

Екінші деңгей: Тәуекелдерді басқару қызметі (ТБК) ЭжӘ тәуекелдеріне ұшырауын бағалауды жүзеге асырады, мәмілелер жасасу кезеңінде ЭжӘ тәуекелдерін бағалау құралдары мен әдіснамасын әзірлеуге қатысады, Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдер бойынша жиынтық есептілік шеңберінде ЭжӘ тәуекелдері бойынша есептілікті қалыптастырады;

Үшінші деңгей: Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) ЭжӘ тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігін және осы Саясаттың сақталуын кезең-кезеңімен бағалауды жүргізеді.

10. ЭЭТБЖ клиенттер мен жобалар бойынша ЭжӘ тәуекелдерін кешенді бағалауды (Environmental and Social Due Diligence, ESDD) жүргізуді көздейді. Кешенді бағалауды жүргізу қорытындысы бойынша Қоғам тәуекелге ұшырау деңгейлерін анықтайды: төмен, орташа, жоғары. ESG-тәуекелі орташа және жоғары мәмілелерге қатысты қосымша шарттар, шектеулер, қараудың жоғарылатылған деңгейі, сондай-ақ тиісті тәуекелдерді мониторингтеу және азайту шаралары қолданылуы мүмкін.

Кешенді бағалау клиенттің/контрагенттің салалық тиістілігін, мәміленің сипатын, жауапкершілік лимиттерін, инвестициялау көлемін, сондай-ақ қабылданатын тәуекел деңгейіне әсер ететін өзге де факторларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Шекті мәндер уәкілетті орган белгілейтін сақтандыру және инвестициялау рәсімдеріне жауапты қызмет өлшемшарттарын енгізу кезінде айқындалады.

11. Қоғам ЭжӘ тәуекелдерін кешенді бағалаудың мынадай негізгі құралдарын айқындайды:

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	7/11 б.

1) **«Шектеулер тізімі» бойынша тексеру:** клиенттің/контрагенттің қызметін және ол қолданатын тәжірибелерді Саясаттың №1-қосымшасына сәйкес Шектеулер тізімімен сәйкестігі тұрғысынан тексеру, онда айқындалған қызмет түрлерін қаржыландырудан бас тарту. Барлық клиенттер/контрагенттер тексеруге жатады.

2) **Салалық скоринг:** клиентті/контрагентті саланың экологиялық және әлеуметтік сезімталдық деңгейі бойынша жіктеу (мысалы, жоғары тәуекел – мұнай-газ саласы, энергетика; орташа – көлік; төмен – қызмет көрсету). Мәміле көлемі бойынша лимиттерді ескере отырып, клиенттер/контрагенттер тексеруге жатады.

3) Жеке бағалау (ESG Scoring):

клиенттің сауалнама толтыруы, оның шеңберінде таңдалған жауаптар негізінде оның ЭЖӘ тәуекелдеріне ұшырау деңгейі айқындалады;

ірі/стандартты емес мәмілелер, оның ішінде ЭЖӘ тәуекелі жоғары мәмілелер бойынша жүргізілуі мүмкін жария ESG-есептер, танылған агенттіктердің қолда бар ESG-рейтингтері, CO2 шығарындылары туралы деректер және өндірістік жарақаттану статистикасы негізінде егжей-тегжейлі талдау. Мәміле көлемі бойынша лимиттерді ескере отырып, клиенттер/контрагенттер тексеруге жатады.

4) Жобаны бағалау:

кешенді бағалау нәтижелері бойынша әрбір объектіге (клиентке/контрагентке) ESG-тәуекелдің үш деңгейінің бірі беріледі: жоғары, орташа, төмен.

Белгіленген тәуекел деңгейіне қарай, мәмілені қарау кезінде Қоғам мынадай шараларды қолдануы мүмкін:

мәміле жасасудан бас тарту;

шарттың қосымша шарттарын белгілеу;

сақтандыру тарифін қайта қарау;

сақтандыру сыйлықақысына төмендету коэффициентін қолданудан бас тарту;

экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі шаралар туралы тұрақты есептілікті ұсыну бойынша талаптарды белгілеу, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген өзге де шаралар.

ESG-тәуекелдер деңгейлері Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін тәртіппен мәмілелер жасасу бойынша шешім қабылдау деңгейін айқындау кезінде ескеріледі.

12. Бастапқы кезеңде қолданыстағы сақтандыру және инвестициялық портфельді ЭЖӘ тәуекелдері деңгейі бойынша бағалау және ранжирлеу жүргізіледі. Бұдан әрі ЭЖӘ тәуекелдерін бағалау жаңа клиенттерді/контрагенттерді бағалау және жоғарыда айқындалған тәуекел

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	8/11 б.

деңгейін жіктеу негізінде жаңартылады, тәуекел деңгейін төмендету және қажет болған жағдайда рәсімдерді түзету мақсатында динамикасы қадағаланады.

4. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

13. ЭЖӘ тәуекелдерін басқару рәсімдерін іске асыруды және олардың тиімділігін бағалау мақсатында Қоғамның сақтандыру және инвестициялық портфеліндегі ЭЖӘ тәуекелдерінің деңгейіне бақылау және мониторинг жүзеге асырылады. Бағалау нәтижелері тоқсан сайын тәуекелдерді басқару жүйесінің жиынтық бағалауына енгізіледі және Қоғамның тәуекелдер картасында көрсетіледі.

14. Есептілік Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі айқындаған ақпаратты ашу жөніндегі талаптарға және қаржылық емес ақпаратты ашу жөніндегі халықаралық стандарттарды (GRI) ескере отырып қалыптастырылады.

15. ESG-тәуекелдерді басқару туралы ақпаратты ашу Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сондай-ақ қаржылық емес ақпаратты ашудың қолданыстағы халықаралық стандарттарын ескере отырып, Қоғамның жылдық есебі құрамында жүзеге асырылады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16. Осы Саясаттың ережелері бөлімшелердің қызмет саласы мен жауапкершілігін ескере отырып, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында егжей-тегжейлі көрсетілуі мүмкін.

17. Саясат Саясат бекітілген сәтте қолданыста болған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптары ескеріле отырып әзірленді. Кейіннен заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілген жағдайда, соның салдарынан осы Саясаттың барлық немесе жекелеген талаптары нормативтік құқықтық актілердің талаптарына қайшы келетін болса, Қоғам қызметкерлері өз қызметін заңнама талаптарын басшылыққа ала отырып жүзеге асыруы тиіс.

18. Саясаттың сақталуына жауапкершілік Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына өздерінің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүктеледі.

19. Саясат қажеттілігіне қарай кезең-кезеңімен қайта қаралуға жатады және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітіледі.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	9/11 б.

20. Саясат, сондай-ақ оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар ол Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

	«Мемлекеттік аннунитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннунитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	10/11 б.

«МАК» ӨСК» АҚ
Экологиялық және әлеуметтік
тәуекелдерді басқару саясатына
1-қосымша

Қоғам қаржыландыруға жатпайтын қызмет түрлерінің тізбесі Шектеулер тізімі*

№	Сектор/Қызмет түрлері
1	Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе халықаралық конвенциялар мен келісімдерге сәйкес заңсыз деп саналатын немесе фармацевтикалық препараттар, пестицидтер, гербицидтер, озон қабатын бұзатын заттар, полихлорланған бифенилдер, жабайы табиғат немесе Жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға (CITES) сәйкес реттелетін өнімдер сияқты халықаралық тыйымдарда тұрған кез келген өнімді өндіру немесе сату немесе қызметті жүзеге асыру.
	Біріккен Ұлттар Ұйымының тыйым салынған химиялық заттар мен өнімдерінің тізімі: http://www.un.org/esa/coordination/Consolidated.list-13FinalFinal.pdf
	CITES жойылып кету қаупі бар түрлер тізімі: http://www.cites.org/eng/app/E-Apr27.pdf
2	Базель конвенциясына және оның негізінде жатқан қағидаларға сәйкес келмейтін қалдықтардың трансшекаралық саудасы.
3	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымының (ЮНЕСКО) дүниежүзілік мұра объектілеріне әсер ететін операциялар.
4	Заңсыз ағаш кесу және ағаш дайындау жұмыстары немесе жерлерді егістік жер немесе жайылымдық алқаптар ретінде пайдалану үшін аудару; <i>орман шаруашылығын таусылмайтын (ұтымды) жүргізуді қоспағанда</i> , ағаш немесе басқа да орман шаруашылығы өнімдерін өндіру немесе сату.
5	Зиянды немесе мәжбүрлі еңбек формаларымен немесе балалар еңбегімен байланысты өндіріс немесе қызмет түрлері.
6	1) Қару-жарақ пен әскери жабдықтарды өндіру немесе сату.
	2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде темекі бұйымдарын өндіру.
	3) Нәсілшілдік және/немесе неонацистік бұқаралық ақпарат құралдарын өндіру және тарату.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	11/11 б.

	4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде ойын бизнесін, азарттық ойындарды, казино немесе баламалы кәсіпорындарды жүргізу.
	5) Порнография (тауарлар немесе дүкендер).
	6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде алкогольдік сусындарды өндіру.
7	Жергілікті халықтың меншігіндегі немесе жергілікті халықтың құжаттамалық расталған толық келісімінсіз сот тәртібімен талап ететін жерлерге теріс әсер ететін өндіріс немесе қызмет.
8	Байланыспаған асбест талшықтарын өндіру немесе сату; бұл асбест құрамы 20%-дан төмен байланысқан асбестцемент тақталарын сатып алуға және пайдалануға қатысты емес.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде радиоактивті материалдарды өндіру немесе сату.
	Медициналық жабдықтарды, сапаны бақылау (өлшеу) жабдықтарын және радиоактивті көзі мардымсыз немесе тиісінше қорғалған кез келген жабдықты сатып алуға қатысты емес.
10	Тиісті экспорттаушы, импорттаушы және, егер қолданылса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде транзиттік елдерден қажетті экспорттық немесе импорттық лицензияларсыз немесе транзитке рұқсат беретін басқа да дәлелдемелерсіз тауарлар саудасы.
11	Сынапты және сынап қосылыстарын экспорттау, сондай-ақ құрамында сынабы бар өнімдердің кең спектрін өндіру, экспорттау және импорттау.
12	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін тиісті рұқсаттар мен лицензиялар болмаған кезде қауіпті химиялық заттардың (бензин, керосин және басқа да мұнай өнімдері) елеулі көлемдерін өндіру, сату, сақтау немесе тасымалдау немесе қауіпті химиялық заттарды коммерциялық ауқымда пайдалану.

* Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша ерекшеліктер болуы мүмкін.

	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: «2» маусымдағы 2026 ж.	Басылым: бірінші
	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару саясаты	СТ МАК 21	12/11 б.

Келісу кестесі

Көшірме	Коды	Басылым	Өзірлеуге/өзектілендіруге жауапты	
	СТ МАК 21	бірінші	Тәуекелдерді басқару қызметі	
			күні	қолы
			_____ 2026 ж.	

Нормативтік мерзімі	Келісуге келіп түскен күні	ТАӨ	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 жұмыс күні		Маканова А.К.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Муслимов Э.Ж.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Татинбеков Т.С.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Кульманова А.М.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Сагишев Е.С.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Ерекеев Ж.С.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Абуова Ж.К.				ЭЦҚ
3 жұмыс күні		Сапаров М.М.				ЭЦҚ

Сведения о документе

Тип документа	Внутренний документ		
Номер и дата документа	06-12/2534 от 05.05.2026		
Ссылка на документ	https://gak.workspace.kz/storage/document_attachments/69f1ffbadeabf.pdf		
Отправитель	АО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ"		
Автор	Ембергенова Ж., Риск-менеджер (тел: , email: z.embergenova@gak.kz		
Лист согласования			
ФИО	Дата и время	Результат	ЭЦП
Муслимов Эрик Жумабаевич	2026-04-29 18:09:18	Согласован	Да
Сагишев Ерлан Сакипкереевич	2026-04-30 08:39:28	Согласован	Да
Ерекеев Жигер Смагулович	2026-04-30 09:20:12	Согласован	Да
Татинбеков Темирлан Саятович	2026-04-30 12:30:54	Согласован	Да
Маканова Асель Куандыковна	2026-04-30 13:04:59	Согласован	Да
Кульманова Асия Мейрамовна	2026-05-04 14:55:04	Согласован	Да
Сапаров Марат Маликович	2026-05-05 10:25:11	Согласован	Да
Абуова Жанат Кабидолдановна	2026-05-05 11:37:47	Согласован	Да
Баймуратова Гульжанат Рахымжановна	2026-05-05 11:38:07	Согласован	Да
Есжанова Динара Бекболатовна	2026-05-05 10:28:05	Согласован	Да
Лист подписания			
Баймуратова Гульжанат Рахымжановна	2026-05-05 11:38:23	Подписан	Да
Лист регистрации			
Лист отправки			
Лист корреспондентов			



2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қуәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.